

XFTAMP 16.21.51

Г.О. Сыздықова, А.К. Шолақова¹

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹Aya_kenzhebaevna@mail.ru)

«Ер Төстік» ертегісінің лингвосемиотикалық аспектісі

Андатпа. Фольклорлық ертегілерді талдай келе, халық қиял-ғажайып ертегілері жалпы құрылымдық модельді пайдалана отырып құрылатындығына сенімді бола аламыз. Осындай құрылымдық ұқсастық моделін ресейлік лингвист В.П.Пропп құрды.

Халық ертегілерін зерттеудегі бұл революция құрылымдық-семиотикалық лингвистика аясында жаңа зерттеулерге жол ашқан В.Я.Пропптың «Ертегілер морфологиясы» кітабын жариялағаннан кейін пайда болды. Барлық зерттеушілер мәтінді құрылымдық зерттеудің басталуын 1928 жылы жарияланған В.Я.Пропптың «Ертегілердің морфологиясымен» байланыстырады.

Мақалада қиял-ғажайып ертегілерінің лингвосемиотикалық құрылымындағы ерекшеліктері, ұлттық этномаркерлер танымдық тұрғыда сараланады. Негізгі зерттеу нысанына қазақ халқының «Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегісіндегі тілдік бірліктер алынып, ертегі мәтінінен алынған тілдік деректерге лингвосемиотикалық талдау жасалды. Нәтижесінде, қиял-ғажайып ертегілерінің мазмұнындағы тілдік таңбалардың семиотикалық сипатына қатысты маңызды тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: лингвосемиотика, мәтінді талдау, тіл белгілері, этномаркер, семиотикалық талдау, сценарий, фрейм.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-165-172>

Кіріспе. Фольклор - тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалған көркем сөз байлығының басты бір саласы. Қазақ халқының мәдени және рухани байлығын игеруде фольклор жанрларының орны ерекше.

Фольклорды ғылыми зерттеу тіл білімінде XIX ғасырда басталып, ішінара еуропалық романтизмнің өркендеуіне, өткенге деген қызығушылығына және белгілі бір ұлттың айрықша ерекшелігін ескере отырып, ұлттық сәйкестендіру сезіміне байланысты болды. Халықтық ертегілерді зерттеуге В.А. Афанасьев, ағайынды В. және Дж. Гримм, Т. Бенфей, И. Поливка, А.Н. Веселовский, Е. Тейлор, А. Ланг және басқа да көптеген ғалымдар қатысты.

XIX ғасырдан бастап қазақ ертегілерінің ғажап та көркем үлгілерін В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиоранский, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев сияқты белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады.

XX ғасырда қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, С. Садырбаев, С. Қасқабасовтардың қосқан үлесі де елеулі.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорын теориялық тұрғыдан зерттеу жұмысы қолға алынып, бұл кезеңде фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын, сондай-ақ қазақ фольклорының жекелеген жанрларын зерттеуге баса мән берілді. Кеңестік фольклортануда фольклор мен әдебиеттің өзара байланысына ерекше назар аударылды. Бұл мәселені зерттеу жұмыстарының негізі сонау 1920-шы жылдары қалана бастады. Сонымен қатар фольклордың теориялық мәселелері де зерттеле бастады. Мәселен, қазақ фольклорының әртүрлі жанрларының өзіндік ерекшеліктерін ажырату, саралау, сараптау т.б. жұмыстарының негізі қаланды. Көбінесе, ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары т.б. фольклор жанрлары қарастырыла бастады.

Ауыз әдебиеті жанрларының ішінде қазақ ертегісінің терең зерттелуіне өз үлестерін қосқан ғалымдардың қатарында Е. Тұрсынов, С. Қасқабасовтың есімдерін ерекше атауға болады. Бұл бағытта фольклортанушы С. Қасқабасов «Казахская волшебная сказка» (1972),

«Қазақтың халық прозасы» (1985), «Колыбель искусства» (1992), Е. Тұрсынов «Генезис казахской бытовой сказки» (1973), «Ертегілер» (1988) т.с.с. ертегілердің жалпы зерттелу тарихын жан-жақты қарастырып, зерттеген еңбектерінің маңызы зор.

Мақсаты мен міндеттері. Бұл мақалада қазақ қиял-ғажайып ертегісінің лингвосомиотикалық сипаттарын көрсетіп, олардың «Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегісіндегі көріністерін талдауды мақсат тұттық. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды: а) қиял-ғажайып ертегілеріндегі лингвосомиотикалық ерекшеліктерді айқындау, олардың қызметін көрсету; ә) «Ер Төстік» ертегісіне семиотикалық талдау жүргізу, олардың қызметін көрсету.

Зерттеу әдістері. «Ер Төстік» ертегісіндегі тілдік бірліктердің семиотикалық ерекшеліктері мен функциялық, стильдік бояулары талданып, қарастырылады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Қиял-ғажайып ертегілерді семиотикалық тұрғыдан қарастыру мәтінді лингвосомиотикалық аспектіде қарастыратын еңбектерде ескеріліп отырады. Дегенмен бұл салаға қатысты арнайы зерттеу еңбектері әлі де болса жеткіліксіз. Оған лингвофольклортану саласының кеш қалыптасуы, сондай-ақ фольклор жанрларының тілдік тұрғыда зерттелуі тек соңғы кезеңнің үлесі болуы негіз бола алады.

Бұл мәселе құрылымдық-семиотикалық лингвистика аясында жана зерттеулерге жол ашқан В.Я. Пропптың «Ертегілер морфологиясы» еңбегінде қарастырылады.

Қазақтың тұрмыс-салтын, арман-үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша да, жазбаша да жеткізіп келеді. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік тілдік табиғатымен де айқындалады. Бұл ертегі мәтіндегі тілдік бірліктердің семиотикасымен де анықталады.

Қазақ ертегілерін тақырыбына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Олар:

- 1) мифологиялық (қиял-ғажайып) ертегілер
- 2) хайуанаттар (жан-жануарлар) жайындағы ертегілер
- 3) реалистік (тұрмыс-салт) ертегілері [1, 98 б.].

Қиял-ғажайып ертегілері – қазақ халқының сонау көне замандардан бүгінге дейін жеткен, бұдан әрі де жалғасын тауып отыратын салт-дәстүрлерінің, аңыздарының негізі болып табылатын фольклор жанрының бір бөлігі.

Ертегілер адам танымының бөлінбейтін бөлшегі ретінде ұлттық сананың қалыптасуына да әсер етеді. Адамның шынайы өмірде жүзеге аспайтын түрлі арман-қиялдары осы ертегі жанрларында көрініс тауып, жүзеге асып отырады. Бұдан өзге қиял-ғажайып ертегілері болашақ ұрпақты нағыз өмірге үйретеді, аса маңызды мәдени құндылықтармен таныстырады.

Халық ертегілерін зерттеудегі революция құрылымдық-семиотикалық лингвистика бағытындағы тың зерттеулерге жол ашқан В.Я. Пропптың «Ертегілер морфологиясы» кітабын жариялағаннан кейін пайда болды. Барлық зерттеушілер мәтінді құрылымдық зерттеудің басталуын В.Я. Пропптың 1928 жылы жарыққа шыққан «Ертегілер морфологиясы» («Морфология сказки») жасағанымен келіседі [2, 76 б.].

В.Я. Пропп жоғарыда аталған еңбегінде ертегілерді семиотикалық талдаудың мынадай негізгі қағидаларын атап көрсетеді:

а) Ертегі кейіпкерлерінің атқаратын қызметі – кім арқылы, қалай жүзеге асып жатса да, барлық жағдайда тұрақты. Олар ертегілердің негізгі компоненттерін құрайды.

б) Барлық қиял ғажайып ертегілердің белгілі функцияларының саны шектеулі.

с) Функциялардың реті әрқашан бірдей [3, 31 б.].

«Ер Төстік» – қазақ қиял-ғажайып ертегілерінің ең көне үлгісі. Ертегінің бас кейіпкері – Төстік. Ертегі осы Төстік жайлы өрбиді. «Ер Төстік» сюжетіндей мазмұн оқиғасы бай, тілі көркем, нұсқалары көп емес.

Ертегінің тілінде жеңіл сөз, желдірмелі фразалар жоқ. Ертегінің лексикасы мен синтаксисі халықтық ойлау тілінің байлығына негізделген. Ішінде араб-парсы сөздері жоқ. Тілі біздің дәуірімізге бұзылмай, шұбарланбай жеткен.

Ресей лингвисті В.Я. Пропп қиял-ғажайып ертегі кейіпкерлерінің атқаратын қызметтері көп жағдайда тұрақты. Олар қиял-ғажайып ертегілердің негізгі компоненттерін құрайтындығын көрсеткен болатын [3, 29 б.].

Бұл функциялардың шын мәнінде қайталанатынын білу үшін зерттеу нысанына алынған «Ер Төстік» ертегісіндегі тұрақты таңбалардың дәрежесін анықтау керек. Ол үшін «Ер Төстік» ертегісіндегі төмендегі жағдайларды салыстырайық:

1. Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты
2. Ерназардың өзі бай болыпты
3. Төрт түлік малы сай болыпты
4. Қора толған қойлары болыпты
5. Келе-келе түйелері болыпты
6. Өріс толған жылқылары болыпты
7. Ерназардың сегіз ұлы болыпты [4, 37 б.]

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда тұрақты және айнымалы таңбалар бар екендігін байқаймыз. «В приведённых случаях имеются величины постоянные и переменные. Меняются названия (а с ними и атрибуты) действующих лиц, не меняются их действия или функции. Отсюда вывод, что сказка нередко приписывает одинаковые действия различным персонажам. Это даёт нам возможность изучать сказку по функциям действующих лиц» [5, 20 б.].

Болыпты тілдік таңбасы тұрақты. Іс әрекет немесе функция өзгермеген. Функцияларды орындау тәсілінің өзгеруі мүмкін: бұл – айнымалы таңба. Өзгермелі таңбалар (кісі, бай, сай, қойлары, түйелері, жылқылары, сегіз ұлы) - олардың атрибуттары мен предикаттары.

«Ер Төстік» ертегісі «ерте заманда» деп басталып, бір абзац көлеміндегі ертегі желісі «болыпты» етістігінің қайталануы арқылы жасалған. Мұндағы «ерте заманда», «болыпты» конструкцияларының қолданылуынан «Ер Төстік» ертегісінде дайын ертегілік құрылымдардың орын алғандығын байқауға болады.

Қиял-ғажайып ертегі тілінің ерекшелігі – қызмет санын білдіруші таңба шектеулі. Кісі болыпты, бай болыпты, сай болыпты, қойлары болыпты, түйелері болыпты, жылқылары болыпты, сегіз ұлы болыпты тіркестеріндегі болыпты етістігі шектеулі қызметті білдіріп тұр.

Кейіпкерлердің қызметін зерттеу тұрақты таңбалардың дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Берілген үзіндіде тұрақты таңба жеті сөйлем бойында орын алған. Келтірілген мысалдарда тұрақты таңбаның, бір қызметтің қайта-қайта қайталануы – қиял-ғажайып ертегі тіліне тән ерекшелік.

Қиял-ғажайып ертегі тіліндегі семиотикалық таңбалардың қолданылуы олардың екі сапасын түсіндіреді: бір жағынан, оның әртүрлілігі, өзгермелі таңбалармен беріле алуы; екінші жағынан, оның теңдесі жоқ монотондылығы, қайталанатындығы. Осылайша, қиял-ғажайып ертегілерде ұқсас әрекеттер жасалып, тұрақты таңбалардың жиі ұшырасатындығы туралы қорытынды жасауға болады.

Ресей лингвисті В.Я. Пропптың әдістері фольклорлық мәтіндерді құрылымдық талдауда ғана емес, сондай-ақ ертегілердің тікелей синтезі үшін жасанды интеллект бойынша зерттеулерде де пайдаланылады. Бұл түрдегі алғашқы эксперименттердің бірі 1977 жылы Шеллон Кляйннің жүйесінде (Клейн және т.б. 1977) В.Я. Пропп функцияларының мәтіндерді генерациялау үшін кездейсоқ таңдау механизмін қолданды. М.Г. Гаазе-Рапопорт, Д.А. Поспелов және Э.Т. Семенованың 1983 жылғы зерттеулер жүйесінің Ш. Клейн жүйесінен айырмашылығы (Гаазе-Рапопорт және басқалар) - жаңа мәтіндер туындата алуында және ертегі мәтіндеріндегі дайын ертегі формуласын қолдану арқылы қол жеткізетін іс-әрекеттің

рөлін анықтаған. Осындай дайын ертегі формулалары «Ер Төстік» ертегісінің құрылымында көптеп кездеседі. Мысалы: *Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да – садағы, азығы да - садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады. Темір етікпен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп, белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді, жылқының ар жағында ел көрінеді. Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі тұрған қара қос тұр. Қосқа кірсе, асулы мосы, ілулі бақыр тұр. Бақырдың іші піскен етпен толы екен.*

Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, ертегілердің де өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір дайын құрылымдармен басталады. Мысалы:

1. Ерте-ерте ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен,
Қырғауылы қызыл екен;
2. Баяғыда бір бай болыпты, оның үш баласы болыпты;
3. Ерте заманда...

Мұндай дайын ертегілік құрылымдар қазақ қиял-ғажайып ертегілер тіліндегі тілдік таңбалардың семиотикалық ерекшеліктерінің айқын дәлелі бола алады.

Тілші ғалымдардың тілді семиотикалық белгілері бойынша талдауға назар аударуының басты себебі – ғылыми ой-сананың, ғылыми үдерістің белгілі бір халықтың мәдениетін танытатын фольклорлық туындыларға, халық ертегілеріндегі дискурс мәселесіне қызығушылық танытуы. Әлемнің тілдік бейнесіне халықтық ертегілердің әсер етуі, тілдік бейнені құрайтын негізгі фактор ретінде танылуы лингвистикадағы семиотикалық таңбалардың ерекшелігін зерттеудің қажеттілігін туындатып отыр.

Ғалымдар осындай қажеттілікті жүзеге асыру барысында түрлі халықтардың қиял-ғажайып ертегілерінің бірдей құрылымдарға ие екендігі туралы қорытындыға келеді. Бірақ түрлі халықтардың қиял-ғажайып ертегілеріндегі тілдік таңбаларында елеулі мәдени айырмашылықтар бар екендігін аңғарады. Олар:

1. Қиял ғажайып ертегілер дискурсын құрайтын сценарийлер мен фреймдер;
2. Этно-бағдарланған маркерлер;
3. Сандар мен атаулар.

М. Минский адамның көргеннен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытты. Ғалым фрейм туралы зерттеуін былай дәлелдейді: «...Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтау адам жадындағы модельдерді көрсетеді. Бұл модельдер фрейм деп аталады» [6, 59 б.].

Адам белгілі бір жаңа затқа атау беруде өз жадындағы сол затқа қатысты нақты бейнелердің ерекшеліктерін, қасиеттерін, ерекше сипаттарын, еске түсіре бастайды. Затқа немесе құбылысқа берілген атау адам санасындағы ақпараттар нәтижесінде жүзеге асады. Ендеше тілдегі фрейм – бұл элементтері ұғымдық құрылымның жеке бөлігі (сөз, тіркес, сөйлем) болып табылатын лексикалық қатар. Қарапайым фреймдер бір ғана лексикамен берілуі мүмкін, ал күрделі фреймдер тіркестер немесе сөйлем арқылы танылуы мүмкін. Әрине, бұл тек шартты түрдегі тілдік көрінісі. Тіл білімінде фрейм – әрбір сөзі белгілі бір бөлшекті (мағынаны) немесе кейбір концептуалды және акционалды бүтіндікті айқындайтын сөздер жинағы ретінде танылады. Ғалым А. Әмірбекова көркем мәтіндегі фреймдік құрылымды танудың мынадай қағидаларын көрсетеді:

- фрейм белгілі бір концепт төңірегінде ұйымдасқан санадағы ақпараттар бірлігі;
- ол ассоциациялық қор арқылы танылады;
- стереотиптік белгілер арқылы жинақталады;

- концепт төңірегінде ең жақын белгілері мен қасиеттер арқылы модельденеді;
- ұғым туралы нақты мәліметтерді танытады;
- когнитивтік санадағы белгілі бір ұғым туралы ақпараттарды рет-ретімен жинақтайды [7, 47 б.].

Бұлардың ішінде семантикалық фреймдер - сөздердің мағынасын түсіне алатын, белгілі бір іс-қимылды қабылдай алатын (сценарийлі фрейм), т.б. ақпаратпен толыққанды адам жанында сақталатын құрылымдарға, яғни, фреймдерге негізделеді [8, 71 б.]. «Ер Төстік» ертегісінде семантикалық фреймдер кездеседі. Мысалы: «...*Ерназардың айтуымен Төстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты, жеті аяқты жирен атты мінбек болады. Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып, мынаны айтады: - Сан жорғаны алмадым. Ер аты деп таңдадым. Айыл-тұрманы, әбзелін, Төстік, саған арнадым. Жабы емес, қазақы ат, Ер серігі қолғанат - Шалқұйрықты мін, Төстік! Сан жасауын алмадым, Саған бола таңдадым, Ақсырмалдай сауытты Осы жолға ки, Төстік! - деп зарлайды*» [4, 43 б.]

Берілген үзіндідегі алты аяқты ала ат, жеті аяқты жирен ат, жорға, жабы, ат – төрт түлік мал концептісінің фреймдік құрылымдары ретінде аталған концептінің семантикалық өрісіндегі ең жақын семалары арқылы модельденіп тұрғандығын байқаймыз. Аталған фреймдер төрт түлік мал атауы ұғымы туралы нақты мәліметтерді танытады.

«Ер-Төстік» ертегісінде ассоциациялық қор арқылы танылатын фреймдер де кездеседі. Мысалы: «Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды» [4, 39 б.]. Үзіндіден байқағанымыздай, түйе, бура, жылқы, айғыр, ту бие, қой, құнан қой – ертегіде жиі ұшырасатын төрт түлік мал концептісінің фреймдері болса, көлдей, таудай фреймдері ассоциациялық жағынан жуықтас - молшылық концептісінің ұйымдастырылған қоры. Ұйымдастырылған деп отырғанымыз жеке тұрғанда бұл фреймдер басқа да концептілік жүйенің құрамдас бірліктері бола алады. Мысалы, «көптің күші көлдей, көшіп жүрген елдей» деген мақалда көлдей фреймі - көп мағынасында қолданылса, талабы таудай тіркесінде таудай фреймі биік, асқақ мағынасында қолданылған.

Ғалым Ж. Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулар» атты еңбегінде: «Тілге қатысты таңба ұғымының енуі тілден тыс салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б. мәселелерді тіл мен мәдениет, ұлт пен тіл қағидасына сәйкес танымдық сипатта қарауға мүмкіндік туғызды.

Сондықтан мәдениет мазмұнын ашуға қатысты қызмет атқаратын таңбалар жиынтығы мен таңбалық құралдарды этнотаңбалар (Ю.М. Лотман, т.б.) немесе этномаркерлік лексика», - деп атайды [9, 526 б.]

«Ер Төстік» ертегісінде этнотаңбалар көптеп көрініс тапқан. Мысалы: «Бір күні кешке жақын кемпірі төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі» [4, 37 б.]. Берілген үзіндідегі түндік, шаңырақ, төстік лексемалары – қазақ танымын белгілейтін этнотаңбалар.

Этнотаңбалардың танымдық белгілері қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Түндік – киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін, күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз [10, 833 б.]; Шаңырақ – 1. Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтас- тырып тұратын дөңгелек шеңбер. 2. Ауысп. Әркімнің тұрған, туған үйі [10, 902б.]; Төстік – малдың төс сүйегінің үстіне біткен майлы ет», - деп берілген [10, 818 б.].

Тілді адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру ол туралы түсінікке кереғар әсер етеді және оны зерттеудің мүмкіндіктерін шектейді.

Академик Ю.В. Бромлейдің сөзімен айтсақ: «Әрбір этноста мәдениет элементінің сыртқы көрінуі мен «ішкі» мазмұнында ерекшелік бар. Мағынасына байланысты барлық

мәдени құбылыстар өзіндік екіжақтылыққа ие: өзінің «сыртқы» көрінісімен қатар, олардың «екінші өмірі» бар. Олар мағынасы арқылы айқындалады. Мағына затта жасырылған, ол ақыл-ой, эстетикалық сезіммен, адамгершілік интуициямен белгілі болады, бір көргеннен танылмайды. Мағынаның бұл мәні – мәдениетті тану кілті» [11, 25 б.]. Ал мұның өзі оның мәдени фонын зерттеуге әкеп тіреді.

Мәселен, шаңырақ, сәукеле, киіз үй т.б. Демек, тіл, көнеден айтылып келе жатқандай, таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет, сондықтан да ол – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Мәдениетті, рухани көріністерді бейнелейтін тіл, миф, өнер, дін және т.б. негізін құрайтын семиотикалық жүйе. Қазақ мәдениетінде рухани мәдениеттің таңбалық негізі, рәміздік жүйедегі ұлттың психологиясы, сакралдану тіл арқылы сипатталады.

Қазақ мәдениетінің архетиптік бейнесі ретіндегі сөз үлгілері тілдік қазынамыздың этномәдени қорында жетіп жатыр. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде: «Кемпір, сүйінші! Кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам асып жіберші, - дейді. Сөйтіп, бұлар төстікті қазанға салады. Төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді. Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып босанады. Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң біткен бала деп Төстік қояды» [4, 37 б.]. Келтірілген үзіндідегі «Ер Төстік» есімінің қойылу себебі этномәдени мазмұнның уәжін белгілейтін ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыс-тәжірибесі арқылы дәлелденіп, символдық сипатқа ие болған деректердің коннотаттық сипатынан көрініс тауып отыр.

Күнделікті тұрмыс пен өмірлік жағдаяттарды қазақ танымына сай таңбалаудың нәтижесінде қазақ этнотаңбаларының рухани ұғымдар мен ырым-тыйымдарды, наным-сенімдерді таңбалауда жиі қолданысқа түсетіндігі және олардың халық санасында ұзағынан сақталатыны анықталады. Әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесі қалыптасады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы – тіл.

Қорытынды. Таңба – қоғамдық дамудың зердесін, ой-өрісін, даналық тұғыр деңгейін танытатын белгі ретінде ұлт мәдениетін тілде белгілеу (маркерлеу) қызметін атқарады. Соның нәтижесінде бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады.

Қазақ танымын сипаттайтын «Ер-Төстік» қиял-ғажайып ертегісіндегі рухани және материалдық мәдениетті сипаттаушы таңбалардың сипатын талдауда қазақ қиял-ғажайып ертегі құрылысына тән дайын семиотикалық құрылымдар орын алғандығын аңғардық. Қиял-ғажайып ертегі тілінде семиотикалық таңбалардың қолданылуы, бір жағынан, оның өзгермелі таңбалармен беріле алуы; екінші жағынан, оның теңдесі жоқ монотондылығы мен қайталанатындығының дәлелі бола алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 286 б.
- 2 Bremon C. The morphology of the French Fairy Tale: Ethical model Text. / C. Bremon // Patterns in oral literature / Ed. H. Jason, D. Segal. The Hague; Paris; Mouton, 1977, P. 49-76.
- 3 Пропп В. Морфология сказки / Гос. ин-т истории и искусств. - Ленинград: Academia, 1928. - 152 с.
- 4 Қазақ ертегілері. - Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2007 – 208 б.
- 5 Пропп В.Я., Морфология волшебной сказки. - Москва: «Лабиринт», 2001. - С. 20-25.
- 6 Солсо Р. Когнитивная психология. - Москва: Тривола Либерел, 2002. - 600 с.
- 7 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдарының поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі // Филол. ғыл. канд... дисс. - Алматы, 2006. - 125 б.

- 8 Қалиұлы Б. Қазақ тілдігінің ғылыми бейнесі. - Алматы, 2008. - 92 б.
9 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: «Абзал-Ай», 2014. - 640 б.
10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
11 Бромлей Ю.В. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. - Ленинград, 1989. - 206 с.

Г.О. Сыздыкова, А.К. Шолакова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Лингвосемиотический аспект волшебных сказок

Аннотация. Анализируя народные волшебные сказки мы можем быть уверены, что волшебные сказки были созданы с помощью общей структурной модели. Модель сходства в такой контент-сети составил российский лингвист В.Я. Пропп.

Настоящий переворот в исследовании народных сказок произошёл после выхода в свет книги В.Я. Проппа «Морфология волшебной сказки», которая открыла дорогу для новых исследований в русле структурно-семиотической лингвистики. Все исследователи сходятся на том, что начало структурному изучению повествовательных текстов положила «Морфология сказки» В.Я. Проппа, вышедшая в 1928 году.

В статье рассматривается лингвосемиотический аспект волшебных сказок. Объект исследования казахская волшебная сказка «Ер Төстік». Сделано лингвосемиотический анализ сказки.

Ключевые слова: лингвосемиотика, анализ текста, языковые знаки, этномаркер, семиотический анализ, сценарий, фрейм.

G.O. Syzdykova, A.K. Sholakova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Lingvosemiotic Aspect of Fairy Tales

Annotation. Analyzing the folk magic tales of the world, we can be sure that fairy tales were created using a common structural model. The model of similarity in such a content network was compiled by the Russian linguist V.Ya.Propp.

This revolution in the study of folk tales occurred after the publication of the book by V. Ya. Propp “The Morphology of a Fairy Tale”, which opened the way for new research in the framework of structural-semiotic linguistics. “All researchers agree that the beginning of the structural study of narrative texts was laid by the “Morphology of a Fairy Tale” by V. Ya. Propp, published in 1928”

The article discusses the linguosemiotic aspect of fairy tales. The object of the study is the Kazakh fairy tale - “Yer Toast”. Made lingvo-semiotic analysis of a fairy tale.

Key words: linguosemiotics, text analysis, language signs, ethnomarker, semiotic analysis, scenario, frame.

References

- 1 Qoñıratbaev Ä. Qazaq folklorınıñ tarıxy [History of Kazakh folklore]. (Ana tili, Almaty, 1991, 286 p.). [in Kazakh]
2. Bremon C. The Morphology of the French Fairy Tale: Ethical model Text. / C. Bremon // Patterns in oral literature / Ed. H. Jason, D. Segal. The Hague; Paris; Mouton, 1977, P. 49-76.
- 3 Propp V. Morfologiya skazki / Gos. in-t istorii i iskusstv [The morphology of a fairy tale]. (Academia, Leningrad, 1928, 152 p.). [in Russian]
- 4 Qazaq ertegileri [Kazakh fairy tales]. («Köşpendiler» baspası, Almaty, 2007, 208 p.). [in Kazakh]

- 5 Propp V.YA. Morfologiya volshebnoy skazki [The morphology of a fairy tale]. (Labirint, Moskva, 2001, P. 20-25.). [in Russian]
- 6 Solso R. Kognitivnaya psikhologiya [Cognitive Psychology]. (Trivola Liberel, Moskva, 2002, 600 p.). [in Russian]
- 7 Ämirbekova A. Konceptilik qurılımdarınıñ poétikalıq mätindegi verbaldanw erekşeligi [Peculiarities of Verbalization in Poetic Text of Concept Structures]. // Filol. ğıl. kand... dïss. [Filol. the science канд ... diss.]. (Almaty, 2006, 125 p.). [in Kazakh]
- 8 Qalıulı B. Qazaq tildiginiñ ğılımı beynesi [Scientific image of the Kazakh language]. (Almaty, 2008, 92 p.). [in Kazakh]
- 9 Mankeeva J. Qazaq til biliminiñ mäseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. («Abzal-Ai», Almaty, 2014, 640 p.). [in Kazakh]
- 10 Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdigi [The Explanatory Dictionary of the Kazakh language] / Jalpı redakciyasın basqarğan T. Januzaqov [He headed the general edition T. Zhanuzakov]. (Dayk-Press, Almaty, 2008, 968 p.). [in Kazakh]
- 11 Bromley YU.V. Etnograficheskoye izucheniye znakovykh sredstv kul'tury [Ethnographic study of iconic means of culture]. (Leningrad, 1989, 206 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Сыздықова Г.О. – филология ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Шолақова А.К. – «6М020500 – Филология: қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Syzdykova G.O. - Doctor of Philology, Prof. L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana, Kazakhstan.

Sholakova A.K. - 2-year master's student of philological faculty, specialty «6M020500-Philology:Kazakh Philology», L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana, Kazakhstan.